

## Стратегиялық объектіге үшінші тұлғалардың құқықтарымен ауыртпалық салу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 19 мамырдағы № 350 қаулысы

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (Жалпы бөлім) 193-1-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Бұқтырма гидроэлектр станциясы" акционерлік қоғамына "Қазмырыш" жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен жалдау шартын жасасу арқылы Бұқтырма гидроэлектр станциясының мүліктік кешеніне үшінші тұлғалардың құқықтарымен ауыртпалық салу жөнінде мәміле жасасуға рұқсат берілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*О. Бектенов*